

*Әрқашан күн
сөнбесін. Тәуелсіз
Қазақстанның таңы
нұрлы, егемен
еліміздің ұрпағының
еңсесі биік болып, көк
аспанда қасиетті
көк туымыз мәңгі
желбіресін.*



Орталықтандырылған кітапхана жүйесі.ММ
Апаратты-библиография блімі

Қызылорда облыстық кітапхана жүйесінің
Апаратты-библиография блімі



16 желтоқсан – ата бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні.

1991 жылғы желтоқсанның 16-сында Қазақстан Республикасының Президенті

Н.Ә.Назарбаев қол қойған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» және 2008 жылғы 25 маусымдағы және 2009 жылғы 22 сәуірдегі заңдармен өзгертулер енгізілген 2001 жылғы желтоқсанның 13-інде «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес атап өтіледі



Талай қазақ қыздары мен жігіттерін арамыздан алып кеткен "Құйын – 86" деген атпен желтоқсан оқиғасы баршамыздың мәңгі есімізде қалады. Егеменді еліміздің келешегі үшін жанын пида еткен батыр жастарды ұмытпаймыз!



*Желтоқсанның желі, аязы, ызары
Қанды мұзда талай қазақ сыздады.
Ұлт қамы үшін шыққан сол күн
алаңға*

Азап шекті қайсар қазақ қыздары.

*Талай қазақ қыздарын да тоңдыра,
Талай қазақ гүлдерін де солдыра,
Ел билеуге алып келді Колбинді
Қазақ ұлы Қонаевтың орнына.*

*Егемендік – бұл елімің елдігі,
Егемендік – барлық ұлттың теңдігі.
Егемендік – елін, жерін қорзаған,
Ербол менен Қайраттардың ерлігі.*

*Желтоқсаным – тәуелсіздік тірегі,
Желтоқсанды қадір тұтып тұр елі.
Есте сақтап ағалардың ерлігін,
Жүректерге сақтау керек үнемі*